


**С.Д.Асфыендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медициналық Университеті**



**СРС:
Неврологиялық науқастарда зерттеу.
Ауру тарихын жинау.**

**Орындаған: Шаһзандаева А.
Қабылдаған:**

Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім: Субъективті және объективті зерттеу әдістері
- Қорытынды.
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Нерв жүйесін орталық және шеткі деп екі бөлікке бөліп қарастырамыз
- Орталық нерв жүйесі ми және жұлыннан тұрады
- Периферилық нерв жүйесі 12 жұп бас ми нервiнен, 31 жұп жұлын нервтерiнен тұрады [8 жұп мойын , 12 жұп кеуде, 5 жұп бел, 5 жұп сегізкөз , 1 жұп құйымшақ]

Зерттеуге қажетті жабдықтар:

- Тыныш бөлме, кушетка, неврологиялық балғашық, өлшегіш лента, көру өткірлігін тексеретін кесте.
- Науқасқа зерттеу мақсатын, не үшін қажет екенін түсіндіру. Өзін еркін ұстауды, өзіне қолайлы қалыпта болуын ұсынамыз.

Клиникалық зерттеу



- Субъективті зерттеу



- Объективті зерттеу

Субъективті зерттеу

- Төл құжат бөлімі
- Науқас шағымы
- Ауру тарихы
- Науқастың өмір тарихы

- **Нерв жүйесі ауырған адамды тексеру белгілі бір жүйемен сұрақ қоя отырып [сырқаттың аты жөні , жасы ұлты , білімі, негізгі кәсібі , отбасының жағдайы мекен жайы, ауруханаға түскен күні] , әңгімелесуден басталады. Бұдан кейін сырқат адамнан дерттің қалай пайда болып, қалай өршігенін, қалай ауыратынын сұрап біледі.**
- **Анамнез жинау барысында сырқаттың диспансерлік есепте болған болмағандығы, ауру себепті жұмыстан босатылғандығы , мүгедек болса қандай ауруы үшін қай топқа жатқызылғандығы анықталады.**
- **Сырқат адаммен әңгіме үстінде оның денсаулығы қай жаста қандай болғандығы, еңбек және тұрмыс жағдайлары , басқа адамдар мен қарым қатынасы, бұрынғы аурулары, көңіл күйіне түскен ауыртпалықтар сияқты мағлұматтар неғұрлым толық болғаны жөн.**

Объективті зерттеу

- Жалпы интоксикациялық симптомдарды анықтау
- Бас сүйек ми нервтерінің қызметін анықтау
- Қимыл қозғалыс мүшелері әрекетін және мишық қызметін анықтау
- Сезімталдылық жүйнесінің функциясын тексеру
- Вегетативтік нерв жүйесін анықтау
- Рефлексстерді тексеру

Интоксикациялық симптомдар

- Бастың ауруы [бір бөлігінің ауруын, қанша уақытта ауратынын, сипаты]
- Бас айналу [сипаты, ұзақтығы, дене қалпына байланысты]
- Құсу [жиілігі, тамақ ішуге, бас айналуға, бастың ауруына]
- Тамыр соғысы [брадикардия, тахикардия, аритмия]
- Тыныс бұзылуы [Чейн – Стокс аритмиясы, Биот тынысы, Куссмауль ырғағы]

Бас сүйек ми нервтері

- I жұп иіс сезіну нерві : Иіс шығаратын заттардың [хош иісті шөп, валериана, камфора, әтірлер] көмегімен екі мұрынды кезегімен жауып иіскету арқылы анықталады. Нәтижесі иісті жақсы сезеді, нашар сезеді [гипоскемия], сезбейді [аносемия], бұрмалап сезеді [дизосомия].
- II жұп көру нерві : көздің көргіштік мөлшерін, көз көру аясының кеңдігін , жарық және түс ажырата алу қасиеттерін анықтаймыз. Көз көргіштік мөлшерін арнайы Сивцев кестесі арқылы анықтаймыз. Қалыпты жағдайда [1,0], көргішітігі төмедеген болса [амблиопия], мүлдем көрмесе [амовроз]. Көз аясының кеңдігін периметрмен өлшеп, сызба түрінде жазылады. Көру нерві зақымданған жағдайда көру аясы тарылады. Көру аясының кейбір тұстары көрінбейтін болса – скотома , көз аясының жарты бөлігі көрінбейтін болса-гемианопсия. Түсті айыра білуін тексеру үшін арнайы кесте қолданамыз. Түстерді мүлде ажырата алмайтын болса ахромотопсия, жекелеген түстерді ажырата алмаса дисхромотопсия, қызыл және жасыл түстерді ажырата алмайтын болса дальтонизм болып есептеледі.

- III, IV, VI жұптар - көз алмасын қозғайтын, шығыршық, әкеткіш нервтер: сырқат шағымы заттың қосарланып көрінуі болады. Науқасты тексеру барысында екі көздің бірдейлігін, көз алмасының дұрыс орналасауына, қарашық көлеміне және қарашықтардың бірдей екенін анықтау қажет. Зерттеу тәсілі көз алмасын және қарашықты оңға солға, жоғарыға төменге қаншалықты қозғалатындығын, қарашықта нистагмның бар жоқтығын анықтау. Сонымен қатар қарашықтың жарыққа реакциясы, конвергенциясы мен аккомадациясы анықталады.
- Аргайл-Робертсон симптомы қарашықтың жарыққа реакциясының болмайды, бірақ конвергенция мен аккомадация сақталады.
- V жұп нерв – үшкіл нерв ; сырқат шағымы беттің жарты бөлігінің ауырсынуы, парестезия құбылысы және көз қуысы , жоғарғы жақ, төменгі жақ сүйектерінің сыздап ауру сезімі. Зерттеу тәсілі: ервтің бетке шығатын нүктелерін қабақ пен көз асты, иек астынан басып көру . Ауырсынуға және ыстық суыққа реакциясын бақылайды. Нервтің рефлекстік қызметін көз шырышты қабатын тітіркендігенде кірпіктің жұмылуы арқылы айқындаймыз.

- ҮІІ жұп нерв – бет нерві: Қалыпты жағдайда кастардың, маңдайдағы, және ездегі қыртыстардың симметриясына, көз саңылауының еніне, езудің көтеріңкі-түсіңкі деңгейіне және бұлшық еттеріне назар аударылады. Бұлшық еттердің қозғалыс күшін анықтаймыз. Науқасқа қабағын түйгізіп, ұртын ұлкеткізіп, тісін ақситып, көзін кішірейтіп және ысқыртып көреміз. Бет нервісінің патологиясы кезінде бет бұлшықеттерінің қисаюына, ымдау бұлшықеттерінің салдануына әкеліп соғады. Егерде нерв Фаллопий арнасында зақымданса тілдің дәм сезу қабілеті төмендейді гипогейзия, парагейзия, агейзия дамиды.
- ҮІІІ жұп есту нерві : Срқат шағымы есату қабілетінің төмендеуіне немесе мүлде естімейтініне, құлағындағы шулы дыбыстың мазалауына шағымданады. Зертей тәсілі 5-7 метр қашықтықта сыбырлау арқылы екі құлақты жеке-жеке тексерді, Ринне, Вебер, Швабаш камертондары арқылы есту қабілетінің ауытқуын дәл табады.

- IX және X жұп нервтер- тіл жұтқыншақ пен кезбе нервтер: Сырқат дауысы әлсіреп шығады, маңқаланып сөйлейді, жұтынуы қиындаған. Егер тіл жұтқыншақ нерві зақымданса тіл түбі дәм сезбей қалады. Ал кезбе нерв зақымдан,ан болса жұмсақ тандай және көмей салданады.
- XI жұп нерв – қосымша нерв : Кеуде омырау бұғана бұлшықеттерін басып бай қап көру арқылы , трапеция тәрізді бұлшықетті де қарайды, бұлшықеттердің тонусы тексеріледі. Нерв зақымданған науқасатарда бұлшықеттердің семіп қалуы байқалады.
- XII жұп нерв-тіл асты нерві: науқасқа тілін шығаруды өтінеміз, сол арқылы тілінің түзу тұрғанын , ұстап көру арқылы тілдің тонусы анықталады.Жаңылтпаш айтқызу рақылы тілдің артикуляциясын тексереді. Егер нерв жарты бөлігі зақымданса тіл зақымданған бөлігіне қарай қисайып тұрады. Егер нерв ядролары зақымданса тілдің талшықтары тарылып дірілдейді.

Қимыл әрекет мүшелерін тексеру.

- Сырқатты жүргізіп көру. Сырқат адамды түзу сызық бойымен , жүргізеді, тоқтатады, ашық немесе жұмулы көзбен шұғыл бұрылтады, аяқты көлденең тастатып оңға және солға жүргізеді . Нерв жүйесі зақымданған жағдайда адамның жүріс тұрысы .